

Айнабұлақ ауылдық округіне қарасты, Айнабұлақ ауылындағы Путейская мен Вокзальная көшелерінің атауларын өзгерту туралы

Алматы облысы Көксу ауданы Айнабұлақ ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 30 қазандағы N 10-4 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Көксу ауданының әділет басқармасында 2009 жылы 24 қарашада N 2-14-80 тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4-тармағын, басшылыққа алып, Айнабұлақ ауылының тұрғындарының пікірін және Көксу аудандық ономастика кеңесінің келісімін ескере отырып, Айнабұлақ ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Көксу ауданы Айнабұлақ ауылдық округіне қарасты, Айнабұлақ ауылының Путейская мен Вокзальная көшелері қосылып, Ағыбаев Бартай көшесі болып атауы **ө з г е р т і л с і н .**

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

округінің әкімі

А й н а б ұ л а қ а у ы л д ы қ
Ж. Байұзақов